

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2022 жылғы 1 сәуірден бастап арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 10 маусымдағы № 384 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 1 сәуірге дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2022 жылғы 1 сәуірден бастап алатын әлеуметтік төлемдердің мөлшерінен төрт пайызға арттыру жүргізілсін.

2. Осы қаулы 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов